

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ШАРТ (ЖАРИЯ ОФЕРТА)

Алматы қ.

“ ____ ” _____ 202_ жыл

Бұдан әрі «Орындаушы» деп аталатын «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ, 2024 жылғы 10 желтоқсандағы № 34 сенімхат негізінде әрекет ететін проректор Фахрадиев И.Р. атынан, «ҚазҰМУ Хабаршысы» журналында ғылыми мақалаларды жариялау бойынша қызметтер көрсету туралы осы Шартты жасау жөнінде ұсыныс білдіреді, ол Жария оферта болып табылады, сондай-ақ vestnik.kaznmu.edu.kz интернет-ресурсында ұсынылған Қызметтерді төменде баяндалған талаптармен пайдалану жөніндегі ресми ұсыныс болып табылады.

ОСЫ ОФЕРТАДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ҰҒЫМДАР МЕН ТЕРМИНДЕР

Қызметтер - ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, vestnik.kaznmu.edu.kz интернет-ресурсында ұсынылған «ҚазҰМУ Хабаршысы» журналында ғылыми мақалаларды жариялау бойынша кәметке толған әрекетке қабілетті жеке немесе заңды тұлғаға көрсетілетін қызметтер.

Шарт - Оферта - Орындаушының жауап қатқан кез келген тұлғаға жасайтын және барлық елеулі талаптарды қамтитын осы ұсынысы. Бұл ұсыныс заңнамада елеулі деп танылған немесе Қызметтерді көрсету үшін қажетті барлық талаптарды, сондай-ақ Орындаушының мәлімдемесіне сәйкес келісімге қол жеткізілуі тиіс талаптарды қамтиды;

Акцепт - Тапсырыс берушінің жауабы немесе Тапсырыс берушінің Шарт - Офертада айқындалған әрекеттерді жасауы, бұл Шарт - Оферта талаптарының толық және сөзсіз қабылданғанын куәландырады;

Ақпараттық технология - ақпаратты жинауды, жасауды, сақтауды, жинақтауды, өндеуді, іздеуді, шығаруды, көшіруді, беруді және таратуды қамтамасыз ететін технологиялық кешенге біріктірілген әдістердің, өндірістік процестердің және бағдарламалық-техникалық құралдардың жиынтығы;

Ақпараттық ресурс (АР) (бұдан әрі - Сайт) - vestnik.kaznmu.edu.kz интернет-порталы, яғни Орындаушының электрондық ақпараттық ресурсы, оны жүргізу және (немесе) пайдалану технологиясы, интернетте жұмыс істейтін, сондай-ақ ақпараттық өзара іс-қимылды және контентті қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық құрылым.

Келуші - Сайтқа онда тіркелу және шартқа қосылу мақсатынсыз кірген тұлға;

Тапсырыс беруші - Орындаушының Шарт - Офертасына Акцепт жасаған тұлға;

Контент (сайт мазмұны) - сайттың ақпараттық және техникалық мазмұны, қорғалатын зияткерлік қызмет нәтижелері, соның ішінде барлық контент, оның ішінде құжаттар, перспективалық жоспарлар, циклограммалар, ұйымдастырылған оқу және тәрбие қызметінің конспектілері, үлгілер, есептер, мақалалар, олардың атаулары, аннотациялары, иллюстрациялары, мұқабалары, графикалық, мәтіндік туынды, құрама және өзге де туындылар, пайдаланушы интерфейстері, көрнекі интерфейстер, деректер базалары, сондай-ақ Сайт құрамына кіретін осы мазмұнның дизайны, құрылымы, іріктелуі, үйлестірілуі,

сыртқы түрі, жалпы стилі мен орналасуы және Сайтта қамтылған басқа да зияткерлік меншік объектілері, барлығы бірге және/немесе жеке-жеке.

АР-қа қолжетімділік - пайдаланушының Сайттың мүмкіндіктерін: мақалаларды, сұрақтарға жауаптарды, вебинарларды, ұсынымдарды, рәсімдерді, құжат үлгілерін, сондай-ақ өзге де контентті және оны басқару функцияларын пайдалану мүмкіндігі.

Жеке кабинет - Пайдаланушының Сайттың деректер базасындағы Пайдаланушының дербес деректерін, оның логині мен құпия сөзін, сондай-ақ Орындаушының қалауы бойынша айқындалатын өзге де ақпаратты қамтитын есептік жазбасы. Пайдаланушының өзінің Жеке кабинетіне қол жеткізуі бірегей логин мен құпия сөзді пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Заңдық қызметтер - Орындаушының осы Оферта бойынша Сайттың тиісті бөлімдерінде айқындалған әрекеттері, соның ішінде, бірақ мұнымен шектелмей: сұрақтарға жауаптар беру, мақалалар және/немесе білім беру контентін әзірлеу, вебинарлар өткізу және т.б.

Құжаттарды сақтау - Пайдаланушыға бұрын пайдаланылған Құжат үлгілерін жеке кабинетте сақтауға және кейіннен, оның ішінде Пайдаланушының өз редакциясында қолдануға мүмкіндік беретін Сайттың (АР) функциясы.

Құжат үлгілері - Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі саладағы осындай құжаттарды реттейтін жалпы қағидалар мен заңнамаға сәйкес жасалған, Сайтта (АР) ұсынылған әдістемелік-білім беру сипатындағы құжаттардың үлгілері.

Мақала - қандай да бір ғылыми мәселені, процесті, сабақты сипаттайтын бірегей ақпараттық материал.

Дербес деректер - Шарт - Офертада реттелетін, белгілі бір жеке тұлғаға қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген мәліметтер;

Дербес деректерді жинау - Дербес деректерді алуға бағытталған әрекеттер;

Дербес деректерді өңдеу - Дербес деректерді жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған әрекеттер;

Үшінші тұлғалар - қазіргі уақытта да, болашақта да Орындаушымен Пайдаланушының дербес деректерін жинау, өңдеу және қорғау жөніндегі мән-жайлармен немесе құқықтық қатынастармен байланысты тұлғалар.

Осы Офертада пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мағынаға ие.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабының 5-тармағына сәйкес, жария оферта - шарттың барлық елеулі талаптарын қамтитын, одан ұсыныс жасаған тұлғаның ұсыныста көрсетілген талаптармен осы ұсынысқа жауап берген кез келген тұлғамен шарт жасасуға ерік білдіретіні көрінетін ұсыныс.

1.2. Осы шарт мәнмәтініндегі офертаның акцепті - өзіне оферта жолданған әлеуетті Тапсырыс берушінің оны қабылдауы туралы, Орындаушының мекенжайына жіберілетін өтініштің скан-көшірмесі түрінде рәсімделетін жазбаша өтініші. Акцепт толық әрі сөзсіз болуы тиіс. Осы Офертаны акцептеу жөніндегі әрекеттерді жасай отырып, Тапсырыс беруші өзінің құқық

қабілеттілігін және әрекет қабілеттілігін, сондай-ақ Орындаушымен шарттық қатынастарға түсуге заңды құқығын растайды.

1.3. Офертаның акцепті Қызмет көрсету туралы шарттың және оған барлық қосымшалардың жасалуына теңестіріледі. Орындаушы әлеуетті Тапсырыс берушінің офертаға қосылу туралы өтінішінің скан-көшірмесін алған сәттен бастап Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасындағы Шарт жасалған, заңды күшіне енген болып есептеледі және тараптар арасындағы ресми өзара қатынастардағы негізгі құжат болып табылады. Сайтты пайдаланудың басталуы осы Оферта негізінде Шарттың тиісті түрде жасалғанын және оның барлық талаптарымен толық келісімді білдіреді.

1.4. Оферта мәтінімен танысу міндеті толық көлемде Тапсырыс берушіге жүктеледі, Орындаушы Тапсырыс берушінің осы құжатты уақтылы немесе толық зерделеуі және оны саналы түрде түсінбей қосылуы үшін жауапты болмайды.

1.5. Осы Оферта талаптары акцептелген сәттен бастап Тапсырыс беруші Шарттың тарабы болады және осы Оферта талаптарына сәйкес құқықтар мен міндеттерге ие болады. Оферта талаптарын Тапсырыс беруші толық, қандай да бір алып тастаусыз, өзгеріссіз қабылдайды және олар орындау үшін міндетті болады.

1.6. Оферта талаптарымен келісе отырып, Тапсырыс беруші өз әрекеттерінің мәнін түсінетінін және оларды басқара алатынын, жаңылысу, алдау, күш қолдану немесе қорқыту ықпалында еместігін түсінеді. Шартты Тапсырыс беруші ерікті түрде жасайды.

1.7. Оферта Орындаушының барлық Қызмет түрлеріне, соның ішінде ұзақ мерзімді, тұрақты және біржолғы қызметтерге қолданылады.

1.8. Осы шарттың талаптары барлық Тапсырыс берушілер үшін бірдей болып табылады.

2. ОФЕРТАНЫҢ МӘНІ

2.1. Осы Офертаның мәні «ҚазҰМУ Хабаршысы» журналында ғылыми мақалаларды жариялау бойынша қызметтер болып табылады.

2.2. Қызметтердің атауы, құрамы, түрі, көрсету талаптары, мерзімі, қолданылу кезеңі және құны Сайттың тиісті бөлімінде көрсетілген. Біржолғы қызметтердің құны Тапсырыс берушінің тапсырысын Орындаушы маманы бағалағаннан кейін жеке түрде айқындалады.

2.3. Орындаушы Тапсырыс берушіге және оның Пайдаланушыларына Сайтқа және оның сервистеріне қолжетімділікті пайдалануға, мұндай пайдаланудан табыс (тікелей немесе жанама коммерциялық пайда) алмай, тек өз тұтынуы үшін пайдалану құқығын береді.

3. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

3.1. Орындаушы міндеттенеді:

3.1.1. Орындаушыда бар лицензияларға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушілерге Қызметтер көрсетуге;

3.1.2. Тапсырыс берушіге осы шарт бойынша Қызметтер көрсетілетін кезеңде қолданылатын Прейскурантпен танысу мүмкіндігін беруге;

3.1.3. Тапсырыс беруші Қызметтерге жүгінген кезде заңнама талаптарына сәйкес құпиялылық режимін қамтамасыз етуге;

3.1.4. Тапсырыс берушіге құрметпен қарауға;

3.1.6. Тапсырыс беруші осы шарттың 5-бөлімінде айқындалған тәртіппен ақшалай қаражат енгізгеннен және төлемді растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін осы шартқа сәйкес қызметтерді сапалы әрі толық көлемде көрсетуге;

3.2. Тапсырыс беруші міндеттенеді:

3.2.1. Қызметтердің құнын Орындаушы бекіткен Прейскурантқа сәйкес, осы шарттың 5-бөлімінде айқындалған тәртіппен, оларды көрсету басталғанға дейін төлеуге;

3.2.2. Осы шарт бойынша ақылы қызметтерді көрсету тәртібімен және талаптарымен танысуға;

3.2.3. Қызметтер көрсету үшін Орындаушыға қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге.

3.3. Орындаушы құқылы:

3.3.1. Өзінің біліктілігіне, көрсетілген Қызметтердің ұзақтығы мен сапасына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін уақтылы ақы төлеуді талап етуге;

3.3.2. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес осы Шартты өзгертуге және бұзуға.

3.4. Тапсырыс беруші құқылы:

3.4.1. Орындаушы көрсететін Қызметтердің барысы мен сапасын оның қызметіне араласпай кез келген уақытта тексеруге;

3.4.2. Орындаушыдан Қызметтерді сапалы көрсетуді және Тапсырыс берушінің мүлкіне ұқыпты қарауды талап етуге;

3.4.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, ішкі нормативтік актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

4. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТАЛАПТАРЫ

4.1. Қызметтерді Орындаушы төмендегі талаптармен көрсетеді:

4.1.1. Қызметтер авторларға қойылатын, vestnik.kaznmu.edu.kz сайтында баяндалған талаптарға сәйкес келген жағдайда, журнал сайтының Жеке кабинеті арқылы немесе электрондық пошта арқылы берілген мақала негізінде көрсетіледі.

4.1.2. Қолжазба (мақала) 60 жұмыс күніне дейінгі мерзімде редакциялық-рецензиялық тексеруден өтеді.

4.1.3. Редакцияның жариялау туралы оң шешімі төлемге шот ұсынуға негіз болады.

4.1.4. Редакцияның жариялау туралы теріс шешімі жарияланымды қабылдамауға негіз болады.

4.2. Өз міндеттемелерін орындау үшін Орындаушы осы тектес қызметті жүзеге асыру үшін тиісті лицензиялары, рұқсаттары, біліктілігі және тәжірибесі бар үшінші тұлғаларды тартуға құқылы.

4.3. Осы бөлімде көзделмеген Қызметтерді көрсету талаптары тараптармен жеке тәртіппен келісілетін болады.

5. ҚЫЗМЕТТЕРГЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

5.1. Қызметтерге ақы төлеу Клиентпен 100% (жүз пайыз) алдын ала төлем талаптарымен жүзеге асырылады.

5.3. Қызметтер үшін ақы төлеу төлемді аудару комиссиясын есепке алмағанда, 3 жұмыс күні ішінде, Орындаушының есеп айырысу банк шотына қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырылады.

5.4. Тапсырыс берушіге көрсетілетін Қызметтердің құны Тапсырыс беруші жүгінген сәтте Орындаушы бекіткен ақылы қызметтердің қолданыстағы Прейскурантына сәйкес айқындалады.

6. ОФЕРТАНЫ ЖАСАСУ, ӨЗГЕРТУ, БҰЗУ ТӘРТІБІ

6.1. Тапсырыс беруші Акцепт жасаған және Офертаның 1-бөлімінде сипатталған әрекеттерді орындаған кезде, Оферта жасалды, екіжақты қол қоюды талап етпейді және электрондық түрде жарамды деп есептеледі.

6.2. Орындаушы Тапсырыс берушіні хабардар етпей, осы Офертаның тармақтарын кез келген уақытта өзгертуге, толықтыруға немесе алып тастауға құқылы.

6.3. Орындаушы Оферта бойынша құқықтар мен міндеттерді басқа тұлғаға беруге құқылы. Тапсырыс беруші Орындаушының келісімінсіз Оферта бойынша құқықтар мен міндеттерді басқа тұлғаға бере алмайды.

6.4. Офертаны бұзу Тараптардың келісімі бойынша, сондай-ақ Офертада және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша Офертаны орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда (Офертаны кері қайтарып алу) мүмкін болады.

6.5. Орындаушы Оферта бойынша өз міндеттемелерін орындауды тоқтата тұруға (Офертадан бас тартуға) не Офертаны орындаудан бас тартуға құқылы:

6.5.1. егер Тапсырыс беруші Орындаушы өзінің айрықша қалауы бойынша Офертада регламенттелген міндеттемелерді Тапсырыс беруші орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған деп саралайтын әрекеттерді жасаса;

6.5.2. Қызметтерге ақы төлеу үшін қажетті қаражат болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда;

6.5.4. Орындаушы өзінің айрықша қалауы бойынша Тапсырыс берушінің әрекеттері Офертада регламенттелген міндеттемелердің орындалмауына және (немесе) тиісінше орындалмауына, Орындаушы үшін ықтимал (потенциалды) залалдарға және (немесе) тәуекелдерге және (немесе) олардың келтірілуі және (немесе) туындау қаупіне әкеп соғатынын және (немесе) әкеп соғуы мүмкін екенін саралайтын өзге де жағдайларда.

6.6. Тапсырыс беруші Оферта талаптарын орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда, егер қызметтер қандай да бір кезең ішінде көрсетілсе, Тапсырыс берушінің жазбаша өтініші негізінде Орындаушы қызмет көрсету мерзімінің пайдаланылмаған кезеңі үшін ақшалай қаражатты қайтармайды.

6.7. Осы шарттың талаптарын Орындаушы біржақты тәртіппен өзгерте алады. Шартқа енгізілген өзгерістер интернетте Орындаушының сайтында немесе Орындаушы орналасқан

жердегі қағаз жеткізгіште жарияланады. Өзгерістер олар көпшілікке жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

7. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУҒА, ӨНДЕУГЕ КЕЛІСІМ

7.1. Дербес деректерді жинауға, өндеуге байланысты қатынастарды реттейтін заңнамаға сәйкес, Тапсырыс беруші Офертада айқындалған тәртіппен Акцепт жасаған кезде, Орындаушыға және Үшінші тұлғаларға Тапсырыс берушінің Дербес деректерін заңнамаға қайшы келмейтін тәсілдермен жинауға, өндеуге, трансшекаралық беруге (қажет болған жағдайда) сөзсіз келісім береді.

8. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

8.1. Орындаушы қызметтерді ешқандай тікелей немесе жанама кепілдіктерсіз, олар көрсетілген сәтте қолжетімді болған қалпында, «сол қалпында» және «қолда бар күйінде» талаптарымен көрсетеді. Қызметтердің түрлері, ерекшеліктері, негізгі қасиеттері, көлемі, саны және (немесе) жиынтықтылығы, көрсету мерзімі және өзге де талаптары, сондай-ақ оларды ұсыну форматы Орындаушымен айқындалады. Тапсырыс беруші Қызметті ерікті түрде (өз қалауы бойынша), барлық тәуекелдер мен салдарларды толық өзіне қабылдау шартымен алады. Орындаушы ұсынылатын Қызметтің Тапсырыс берушінің күтулеріне сәйкес келмеуі үшін жауапты болмайды.

8.2. Оферта бойынша міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін Тараптар оның талаптарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

8.3. Орындаушы залал келтіргені үшін, оның ішінде нақты, жанама, кездейсоқ, қасақана емес залал, айырылып қалған пайда, ар-намысқа, қадір-қасиетке немесе іскерлік беделге нұқсан, деректердің жоғалуы немесе Тапсырыс берушіге және үшінші тұлғаларға келтірілген кез келген басқа залалдар үшін, оның ішінде Сайтты пайдалану немесе пайдалану мүмкін еместігі кезінде туындаған, не қателер, үзілістер, ақаулар, жұмыстағы кідірістер, Сайт функцияларының өзгеруі немесе деректердің берілуі және (немесе) жоғалуы нәтижесінде келтірілген залалдар үшін жауапты болмайды.

8.4. Орындаушының осы Оферта бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс беруші тиісті Тапсырыс бойынша төлем жасаған, көрсетілмеген немесе тиісінше көрсетілмеген Қызмет құны шегінде шектеулі жауапкершілік белгіленеді.

8.5. Тапсырыс берушіден дұрыс тұжырымдалмаған сұрақ, толық емес немесе анық емес ақпарат не құжаттар келіп түскен жағдайда, оның салдары үшін Орындаушы жауапты болмайды.

8.6. Тапсырыс берушіні хабардар етпей, оның жеке индикаторымен Жеке кабинетке қолжетімділік үшінші тұлғаға берілген жағдайда Орындаушы жауапты болмайды.

8.7. Орындаушы Қызметтерді көрсету жөніндегі міндеттерді орындамау немесе уақтылы орындамау үшін, егер ол Орындаушыға тәуелсіз форс-мажорлық мән-жайлардың, яғни еңсерілмейтін күш мән-жайларының, оның ішінде үшінші тұлғалардың телекоммуникациялық желілері мен жабдықтарының жұмысындағы іркілістердің салдарынан

туындаса, жауапты болмайды. Соған қарамастан, Орындаушы Тапсырыс берушіге қызметтерді сапалы әрі уақтылы көрсету үшін бар күшін салады.

8.8. Орындаушы байланыс арналарының сапасы, интернет-браузерлердің баптаулары, Орындаушыға тәуелсіз себептермен туындайтын Сайт жұмысындағы іркілістер, Орындаушы айқындайтын техникалық және бағдарламалық талаптарға сәйкес келмейтін Тапсырыс берушінің бағдарламалық-техникалық құралдарында Сайт жұмысының бұзылуы, сондай-ақ Тапсырыс берушінің бағдарламалық-техникалық құралдарының ақаулықтарынан туындаған іркілістер үшін жауапты болмайды.

8.9. Орындаушы Тапсырыс берушінің кінәсінен туындаған міндеттерді орындаудың кешіктірілуі немесе орындалмауы үшін жауапты болмайды.

9. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ-ЖАЙЛАР (ФОРС-МАЖОР)

9.1. Егер міндеттемені ішінара немесе толық орындамау не тиісінше орындамау Оферта жасалғаннан кейін туындаған, Тарап алдын ала болжай алмаған немесе болдырмауға мүмкіндігі болмаған төтенше сипаттағы мән-жайлардың, яғни еңсерілмейтін күш-жайлардың салдарынан болса, Тарап жауапкершіліктен босатылады.

9.2. Еңсерілмейтін күш-жайларға мыналар жатады: су тасқыны, өрт, жер сілкінісі, табиғи құбылыстар, байланыс желілеріндегі авариялар/іркілістер, ғимараттардың, құрылыстардың және кез келген қондырғылардың, желілердің, телекоммуникациялық жабдықтардың бұзылуы, індет, соғыс немесе әскери іс-қимылдар, сондай-ақ мемлекеттік билік немесе басқару органдарының шешімдері.

9.3. Еңсерілмейтін күш-жайлар туындаған жағдайларда Тараптың Оферта бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осы мән-жайлар мен олардың салдары әрекет ететін уақытқа сәйкес ұзартылады. Егер туындаған еңсерілмейтін күш-жайлар мен олардың салдары 3 (үш) айдан астам уақыт бойы жалғасса, Тараптар Офертаны орындаудың қолайлы баламалы тәсілдерін айқындау үшін қосымша келіссөздер жүргізеді немесе Тараптардың міндеттемелері еңсерілмейтін күш-жайлар туындаған сәттен бастап орындау мүмкін еместігіне байланысты (ақшалай міндеттемелерді қоспағанда) тоқтатылады.

10. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

10.1. Дауды сотқа дейін реттеу келіссөздер жүргізу және талап қою арқылы жүзеге асырылады және міндетті болып табылады.

10.2. Талапты алушы оны алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде талапты қарау нәтижелері туралы өтініш берушіні жазбаша түрде хабардар етеді.

10.3. Дауды сотқа дейінгі тәртіппен шешу мүмкін болмаған жағдайда, тараптардың кез келгені өз құқықтарын қорғау үшін сот органдарына жүгінуге құқылы. Барлық даулар тек Орындаушының орналасқан жері бойынша сотта шешіледі.

11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

11.1. Оферта, сондай-ақ оны орындауға байланысты туындайтын барлық құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндірілуге жатады.

11.2 Оферта Тапсырыс беруші 1-бөлімде айқындалған оны акцептеу жөніндегі әрекеттерді жасаған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар өздеріне қабылдаған міндеттемелерді толық орындаған кезге дейін қолданылады.

12. ОРЫНДАУШЫНЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ:

«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ

050012, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 94

БСН 181240006407

Банк деректемелері: «Банк ЦентрКредит» АҚ, Алматы қ.

ЖСК: KZ688562203106071355

БСК: KСJBKZKX

КБе: 16

Орындаушының Т.А.Ә. Фахрадиев И.Р.